



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02
ББК 74.00

руководителей организаций образования. При этом, следует заметить, что руководителю недостаточно зафиксировать в документальной форме процесс реализации исследования практики учителями школы, так как есть риски того, что это внешнее воздействие перенесет предполагающиеся естественные, ненавязчивые, добровольные действия учителя в плоскость очередного отчета, только теперь уже по исследованию. Тогда как, сейчас у исследовательской деятельности попытка перенести процесс формирования исследовательских навыков учителя в плоскость добровольного профессионального интереса, добровольного и постоянного взаимодействия с коллегами своей школы и за её пределами с целью преобразования собственной практики, добровольного и постоянного поиска ресурсов внешней среды, которые сегодня неисчерпаемы. Да, это снова активная лидерская позиция, внутренняя мотивация педагога сделать то, чем он занимается хорошо и качественно. И для этого сегодня недостаточно проходить курсы повышения квалификации, так как их неоднократное прохождение без дальнейшего взаимодействия с коллегами по вопросам адаптации и преобразования идей под потребности своей школы, смысла не имеет. Успешность процесса преподавания и обучения, профессиональное развитие и рост определяют не только знания и технологии, но и в значительной степени общее мнение и ценности. В книге «Менеджмент» Стивен П. Роббинс такие характеристики, как личная инициатива, направленность и согласованность действий, обеспечение свободного взаимодействия, помощи, поддержки относит к организационной культуре. [2] Так, содержание курсов повышения квалификации по программе «Исследование в практике учителя», безусловно обеспечит школьного тренера навыками, необходимые для реализации программы профессионального развития по исследованию, однако уровень и качество исследовательской деятельности в школе зависит от организационной культуры самой школы. В данном случае успешность исследовательской деятельности способен обеспечить не тот руководитель, который издаст приказ о внутришкольном курсе по исследованию, а тот, который создаст среду для взаимодействия коллег в рамках исследований.

Можно сделать вывод, что в современных условиях школы достаточно внутренних ресурсов для взаимообучения. Вопрос теперь в управлении этим взаимодействием с целью развития исследовательских навыков посредством Исследования урока и Исследования в действии. Исследовательская деятельность становится «драйвером» профессионального развития педагога. Успешность этому процессу обеспечит высокий уровень профессионального взаимодействия коллег в школе, слаженность действий методического актива школы, повышение групповой эффективности учителей. Как утверждает, главный редактор российского научно-методического журнала для руководителей учебных заведений «Директор школы» К.М. Ушаков, необходимые сегодня учителю навыки формируются в школе, где есть взаимодействие её членов, по-другому К.М.Ушаков называет это профессиональными связями. [3]

Таким образом, на основе взаимодействия групп Lesson Study возможно «построение» внутришкольной системы повышения квалификации. На схеме показано как могут быть выстроены процессы взаимодействия без создания всё новых и новых структур.

Список литературы:

1. Руководство для учителя «Исследования в практике учителя». АОО НИШ.2018.
2. Стивен П.Роббинс. Менеджмент. 2004.- 17 с
3. «Как сделать школу лучше, или Социальный капитал как приоритет». Директор школы. №2, 2015.

ӘОЖЗ7

ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ МАҢЫЗДЫ САПАЛАРЫНЫҢ НЕГІЗІ – ӘМБЕБАП ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР

Мухамеджанова Гульвира Советовна
педагогика ғылымдарының магистрі,
арнайы пәндердің оқытушысы
Ш.Уәлиханов атындағы КУ жанындағы көпсалалы колледжі
Көкшетау қаласы, Қазақстан
m_gulvira@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада әмбебап педагогикалық құзыреттіліктер барлық мамандық мұғалімдерінің кәсіби маңызды сапаларының негізі болып табылатынына және оқушы тұлғасының жан-жақты дамуына

ықпал жасайтынына назар бөлінеді. Болашақ мұғалімдерді дайындауда әмбебап педагогикалық құзыреттіліктерді қалыптастыру қажеттілігі негізделеді. Әмбебап педагогикалық құзыреттіліктер педагогтың кәсіби маңызды сапаларының негізі ретінде қарастырылады.

Түйінді сөздер: әмбебап педагогикалық құзыреттіліктер, кәсіби маңызды сапалар, жалпы педагогикалық, жалпы дидактикалық әмбебап құзыреттіліктер.

Аннотация

В статье акцентируется внимание, что универсальные педагогические компетенции являются основой профессионально значимых качеств педагогов всех специальностей и способствуют всестороннему развитию личности учащегося.

Обосновывается необходимость формирования универсальных педагогических компетенций при подготовке будущих учителей. Универсальные педагогические компетенции рассматриваются как основа профессионально значимых качеств педагога.

Ключевые слова: универсальные педагогические компетенции, профессионально важные качества, общепедагогические, общедидактические универсальные компетенции.

Abstract

The article emphasizes that universal pedagogical competencies are the basis of professionally significant qualities of teachers of all specialties and contribute to the comprehensive development of the student's personality.

The necessity of the formation of universal pedagogical competencies in the preparation of future teachers is substantiated. Universal pedagogical competencies are considered as the basis of professionally significant qualities of a teacher.

Key words: universal pedagogical competencies, professionally important qualities, general pedagogical, general didactic universal competencies.

Уақыт ағымына қарай мемлекет, қоғам өзгереді, ал бұл жағдай мемлекет пен қоғамның мұғалімге қоятын талаптарын өзгертеді. Мұғалімнің қандай сапалары немесе құзыреттіліктері уақытқа тәуелді болмай, тұрақты болу керек, ал қандай сапалары жаңа уақыттың талабына сәйкес өзгеріп отыру керек деген сауал күні бүгінге дейін ашық.

Педагогикалық білім беру үдерісінде өзекті сұрақтар: «Оқу орындары қандай мұғалімді даярлау керек?», мектеп директорлары үшін: «Қазіргі мектепте қандай мұғалім жұмыс атқаруы керек?», ал өз баласына оқу орындарын таңдауға мүмкіндігі көп ата-аналар үшін, бірақ ең басты бұл сұрақ оқушылар үшін маңызды: «Қандай мұғалімде олар оқығысы келеді?».

Біздің қоғамымызда адамдық қатынастардың жалпы гуманизациясы, жас ұрпақтың рухани қалыптасуы, білім берудің түбегейлі жаңару бағдарламаларының жүзеге асуы көп жағдайда мұғалім тұлғасымен байланысты болатыны баршаға аян. Мұғалім – болашақ ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі басты тұлға. Оның кәсіби дайындығынан, құзыреттілік деңгейінен қоғамымыздың әр азамат тұлғасының қалыптасуы, елдің зияткерлік әлуетінің дамуы тәуелді болады.

Педагогикалық үдерістің кілтті тұлғасы ретінде мұғалім тек өз мамандығына қатысты пәндік-арнайы құзыреттіліктерді игеріп қоймай, оқу-тәрбие үдерісінің нәтижесін жоғары сапаға көтеретін, оқушыларды жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыратын әмбебап педагогикалық құзыреттіліктерді игеруі қажет.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – көпқырлы ұғым. Барлық мұғалімдер үшін ортақ құзыреттіліктер, ал әр мамандық мұғалімі үшін кәсіби құзыреттіліктері болады. Анықтамаларды талдау негізінде әмбебап құзыреттіліктер әр түрлі іс-әрекет саласы маманның кәсіби жетілуіне негіз болып, пән үстілік, полифункционалдық сипаттамасымен ерекшеленетінін байқауға болады. Ал әмбебап құзыреттіліктердің пәндік-арнайы құзыреттіліктерден айырмашылығы – кең ауқымдылығында. Әмбебап педагогикалық құзыреттіліктер мұғалімдердің педагогикалық іс-әрекетінің сапасын анықтап, тәжірибесін молайтып қана қоймай, сонымен қатар оның тұлғалық сапалары болып табылады.

Қазақстанда барлық мұғалімдерге ортақ жалпы педагогикалық ебдейліктер мен дағдылар мәселесін алғашқы көтерген профессор М.Ә.Құдайқұлов. Профессор барлық мамандық мұғалімдеріне ортақ ебдейліктерді жалпы педагогикалық ебдейліктер деп қарастырады [1].

Ғылыми зерттеулерге, профессор М.Ә.Құдайқұловтың зерттеулеріне сүйеніп, әмбебап педагогикалық құзыреттіліктерді – мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық іс-әрекетінің жоғары деңгейі мен нәтижесіне ықпал жасайтын қарым-қатынастың жоғары кәсіби мәдениеті, жалпы педагогикалық, жалпы дидактикалық әмбебап құзыреттіліктер жиынтығы деп түсінемін. Ал қарым-қатынас жасаудың жоғары мәдениеті, жалпы педагогикалық, жалпы дидактикалық әмбебап құзыреттіліктер барлық мамандық мұғалімдеріне ортақ. Сол себептен ондай құзыреттіліктерді әмбебап педагогикалық құзыреттіліктер деп атаймын.

Әрине, әмбебап педагогикалық құзыреттіліктерге берген анықтамамының барлық сапаларын толық қамтиды деп талаптанбаймын, ол тек әмбебап педагогикалық құзыреттіліктердің өзіндік ерекшеліктерін сипаттап, болашақ мұғалімдерді дайындау үдерісінде пайдалы болады. Әмбебап педагогикалық құзыреттіліктер болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындауын жеделдетеді және пәндік-арнайы құзыреттіліктерді қалыптастырудың негізі, өзегі болып табылады.

Әрбір мұғалім құзыретті, бірақ әмбебап педагогикалық құзыреттіліктердің доминантты сапалары болып табылатын мұғалімнің кәсіби маңызды сапаларына барлығы ие болмайды. Сондықтан, әмбебап педагогикалық құзыреттіліктер кез келген мамандық мұғалімінің кәсіби маңызды сапаларымен бірлікте көрініп, мазмұнын құрайды. Мұндай бірлікті педагогтың тұлғалық сапаларын сипаттайтын гуманистік бағдарынан көреміз. Демек, педагог мамандарды даярлайтын оқу орындарында әмбебап педагогикалық құзыреттіліктерді қалыптастыру міндеті алғашқы болуы қажет, себебі, әмбебап педагогикалық құзыреттіліктер педагогтың кәсіби маңызды сапаларының негізін құрайды.

Педагогтың қоғамдағы маңызы туралы философтар, педагогтар, жазушылар, барлық заманның және халықтың көптеген үздік ойшылдары жазды. Олар мұғалімнің ерекше тұлғалық сипатына назар бөліп, онсыз оқу-тәрбие ісінде табыстарға жету мүмкін емес деген пікірді ұстанды.

Барлық заманның озық ойшылдары, ағартушылары және педагогтары Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци, А.Дистерверг, К.Д.Ушинский, Н.И.Пирогов, Л.Н.Толстой, П.Ф.Каптерев, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, М.Жұмабаев және т.б. мұғалімдердің кәсіпқойлығын оларды дайындау позициясынан, іс-әрекетін бағалаудан, тұлғалық сапаларынан және шеберлік деңгейінен қарастырған.

Я.А.Коменский бір жағынан, қоғамның мұғалімге құрметпен қарауын, екінші жағынан, мұғалімнің қоғамда қаншалықты маңызды қызмет атықаратынын саналы түсінуін талап етті. Ұлы педагогтың бұл ойлары күні бүгінге дейін аса маңызды [2].

Орыс халық гуманистік педагогикасын негізін қалаушы, ірі теоретик К.Д.Ушинский «Адам – тәрбие пәні» атты еңбегінде адамды жан-жақты танып білу үшін, оны жан-жақты зерттеу керек деген [3]. К.Д.Ушинскийдің тәрбие үдерісіндегі мұғалімнің жеке басының ықпалын жоғары бағалағаны келесі сөздерінен байқауға болады: «...Ешқандай жарғы және бағдарлама, ешқандай оқу орнының жасанды орталығы, қаншалықты жетілдірілгенмен, тәрбие ісінде жеке адамды алмастыра алмақ емес. Тәрбиешінің тәрбиеленушіге тікелей әсерінсіз мінез-құлыққа сіңерліктей шын тәрбие беру мүмкін емес» [4].

Ұстаз тұлғасына мол үміт артып, қазақ педагог-ағартушысы Ы.Алтынсарин: «Халық мектептері үшін ең керектісі – оқытушы. Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы өкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілген инспекторлар бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды. Сондықтан да мен жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін» – деген ойы, мұғалімдер мамандығын даярлау ісіне ерекше назар бөлгендігін дәлелдейді [5].

Қазақтың ұлы ойшыл ақыны Абай Құнанбайұлының әр бір шығармасы ғибраттық-тәрбиелік сипатқа ие, ал ең бастысы – оқырманды ойлануға, рефлексияға итермелейді. «Он жетінші ғажыя сөзінде» ұлы Абай үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, – деп өзінің әйгілі тұжырымын жасайды. Абай осы асыл сипат (ыстық, нұрлы, жылы) үш қасиет (қайрат, ақыл, жүрек) тұтасқанда ғана адам толық нағыз, кемел адам болатынын ескертеді. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден ерек»- дейді [6]. Ғажыя сөздеріндегі ұлы Абайдың жеке ойларын жинақтағанда жас ұрпақты оқытып тәрбиелейтін мұғалім мамандығын дайындау үдерісінде жалпы мәдениеттіліктің биік деңгейіне, талаптылыққа, нұрлы ақылға, жылы жүрекке, үнемі ізденіске даярлыққа, ізгілікке деген сапаларға назар аудару қажет екенін көреміз.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын жетілдіру жолдары, әр түрлі құзыреттіліктерді қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері туралы Қазақстандық ғалымдар М.Ә.Құдайқұловтың, Н.Д.Хмельдің, А.Е.Әбілқасымованың, К.С.Успановтың, Б.Т.Кенжебековтың, М.Х.Балтабаевтің, Қ.К.Кенжеғалиевтің және т.б. ғалымдардың еңбектері тақырып үшін теориялық маңызы жоғары.

Сонымен, ретроспективті талдау арқылы мұғалімді дайындау мәселесіне ғасырлар бойы үздік педагогикалық ойдың қайраткерлері ерекше назар бөлгендігін көреміз. Мәселеміздің тарихи-педагогикалық талдауы Я.А.Коменскийдің, К.Д.Ушинскийдің, А.С.Макаренконың, В.А.Сухомлинскийдің, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбайұлының, М.Жұмабаевтің және т.б. педагогикалық ойдың әйгілі қайраткерлердің еңбектерінде мұғалімді ең алдымен азамат, гумандық тұлға, балаларды және өз ісін сүйетін, барлық қажетті білімдер, қабілеттер, жоғары рухани-адамгершілік сапаларды игерген адам деп анықтағандарын көрсетті. Олардың кәсіпқой мұғалімге қоятын талаптары қазіргі талаптармен сәйкес келіп тұр деп айтуға болады. Ал дайындық мәні әмбебап педагогикалық құзыреттіліктерді қалыптастыруға түйілетінін анық көріп отырмыз.

Мұғалім мамандығы бір уақытта басқарушы және түрлендіруші болып келеді, оның мәні тек білім беруде ғана емес, тұлғаны жасау миссиясында. Ал тұлғаны дамыту үдерісін басқару үшін

педагог кәсіби маңызды сапаларға ие болуы қажет. Болашақ мұғалімдердің кәсіби маңызды сапаларын қалыптастыру жолдарын зерттеген Отандық ғалым К.С.Успанов өз еңбегінде, педагогикалық үдерісте болашақ мұғалімдерді адамгершілікке, азаматтыққа, ізгілікке тәрбиелеуді кәсіби даярлаудың ажырамас бөлігі ретінде қарастырады [7].

Педагогтың кәсіби маңызды сапалары оқушы тұлғасын құрметтеуі, оқушыларға деген махаббаты, «өз жүрегін сыйлай білу» қабілеті мен қажеттілігі, іске деген сүйіспеншілігі, жоғары мәдениеті және адамгершілігі, педагогикалық ынтамақтастықпен біріккен шығармашылығы, үнемі өздігінен білім алу мен өзіндік жетілдіру қажеттілігі сияқты педагогикалық іс-әрекеттің өсиеттеріне сәйкес болуы керек. Егер мұндай өсиеттер мұғалімнің басым құндылықтары болып табылмаса, онда тіпті өз пәнін керемет білсе де, педагогикалық іс-әрекетінің нәтижесін көре алмайды.

Қазіргі кезде мұғалімдер педагогикалық үдерістің сыртқы жағын, яғни идеяларды, бағдарламаларды, стандарттарды меңгеріп, зерттеп жатады, ал педагогикалық үдерістің субъектісі – бала тұлғасы, оның ішкі жан дүниесі және «педагогикалық ықпал жасау құралы» болып саналатын мұғалімнің өз тұлғасы назардан тыс қалуда. Біздің педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімді білім жүйесіне ғана жетелейді, ал мұғалім іс-әрекетіне қажетті әмбебап педагогикалық құзыреттіліктерді қалыптастыруға аз көңіл бөлінеді. Сондықтан бүгінгі күннің зерттеулері теориялық білім беру мен практикалық педагогикалық іс-әрекеттердің арасындағы алшақтықты шешуге бағытталуы керек.

Біз күн сайын қарқынды дамып келе жатқан ақпараттық технологиялар ғасырында өмір сүріп жатырмыз. Жаңа компьютерлік технологиялардың арқасында ақпарат алуға және білім беру үдерісінің мазмұнын байытуға мүмкіндік туды. Бүгінгі таңда мұғалім бұрынғыдай білімнің жалғыз көзі емес. Заманауи технологиялардың арқасында оқушылардың өзіндік шығармашылық және зерттеу қызметі үшін тамаша мүмкіндіктер пайда болды. Білім алушылар үшін ақпарат алуға ешқандай кедергі жоқ.

Бірақ, бірде-бір заманауи компьютер баланы өз бетінше ойлауға, салыстыруға, талдауға және қорытынды жасауға үйрете алмайды. Сандық құралдар тек мұғалімдерге білім беру мақсаттарына жетуге көмектеседі. Ал балаға ақыл-ой әрекетін үйрететін, оқушының жеке басының зияткерлік және адамгершілік сапаларын қалыптасуына қатысатын мұғалім тұлғасы. Мұғалімдер әр түрлі, бірақ олардың барлығын біріктіретін бір қасиет – балаларға деген махаббат. Оқушыға деген махаббат мұғалімнің ерекше кәсіби сезімі, қасиеті. Сондықтан бұл сапа барлық уақытта басты болып табылатыны сөзсіз.

Педагогикалық үдерісте мұғалім өзінің оқушыларға қажеттілігін сездіре білуі керек. Жақсы мұғалім оқушыларға ауадай қажет. Ауа болмаса адам тұншығады, ал жақсы мұғалім болмаса оқушылардың санасы тұншығады. Пәндік ақпараттарды оқушы «механикалық машинадан», яғни компьютерден алуға мүмкіндігі болады, бірақ адам ретінде қалыптасу тәжірибесін басқа адамнан ғана алуға болады. Адамдық қатынастың құндылық мағынасын еш нәрсемен алмастыруға болмайды.

Бүгінгі күні жаңа ақпараттық-коммуникациялық ортада білім берудің гуманитарлық парадигмасын назардан тыс қалдырмайтын, тұлғаның ішкі дамуына, педагогикалық үдерістің субъекттері арасындағы қарым-қатынас динамикасына, білім берудің құндылық мағынасына байланысты мәселелерді шеше білетін педагогты қажет етеді. Қазіргі уақытта мұғалімнің қанша білетіні емес, қалай білетіні, қандай деңгейде ойланатыны, яғни оның әлеуметтік рефлексиясы қандай екені аса маңызды. Мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетіндегі әлеуметтік рефлексия оның кәсіби өсуіне жол ашады. Мақала аясында мұғалімнің әлеуметтік рефлексиясы әр оқушының қабілеттері мен перспективаларын таба білуінде, оқушыларды толық құқылы серіктестер ретінде қабылдай білуінде, оқушылардың қиын жағдайларда мұғалімнен көмекті сұрай алуында, мұғалімнің оқушылардың тәртіптері мен әрекеттерінің себептерін және өз тұлғалық сапаларын талдай білуімен анықталады. Осыдан мұғалімнің әлеуметтік рефлексиясына тұлғааралық мәселелерді шешу және тұлғалық сапаларды талдау ебдейліктері мен дағдыларын жатқызуға болады.

Оқушыларға тұлға ретінде қарау – қиын іс, мұғалім мен оқушылардың қарым-қатынас үдерісінде үлкен-кішілі қайшылықтарды жеңуді талап етеді. Бұл мұғалім ойы мен жүрегінің күрделі жұмысы. Осы шарт орындалмай жақсы мұғалім болмайды. Қазіргі кезде педагогикалық үдерістегі «субъект-субъект» қатынасында мұғалімнің тұлғааралық мәселелерді тиімді шешу үшін өзінің билігіне емес, оқушының мүмкіндігіне, оның әлеуетіне сүйену қажет. Оның ең басты міндеті – шәкірттің тәртіпке әдетін қалыптастырмай, оның барлық құндылығын анықтау, ашу, дамыту және оқушылардың іс-әрекеттерін дұрыс басқаруы қажет.

Педагогикалық іс-әрекетте оқытуды екі жақты үдеріс деп қарастыратын, оқушыларды толық құқылы серіктестер, тұлға ретінде есептейтін мұғалім ғана жоғары жетістіктерге жетіп, соның нәтижесінде оқыту мен тәрбиенің міндеттерін жүзеге асырады. Мінез мінез арқылы тәрбиеленеді, тұлға тұлға арқылы қалыптасады деген педагогикада аксиома бар емес пе?

Әмбебап педагогикалық құзыреттіліктер құрамында педагогикалық қарым-қатынас ерекше орын алуда. Педагогикалық үдерісте өзара қатынас жасау алғашқы болатынын естен шығармау

қажет, өйткені, қарым-қатынас жасай білу арқылы ғана мұғалім әр оқушы «жүрегіне кілт» таба біледі. Педагогикалық үдерісте мұғалім мен оқушылардың өзара қарым-қатынас жасау негізінде көпсатылы оқыту және тәрбиелеу пирамидасы салынады, олар арқылы педагогтың балаларға үнемі шығуы іске асады, олар баланы өз тұлғасын өзіжаратушы ретінде жасайды, яғни мұғалім мен оқушыларды, оқушы мен мұғалімді көзге көрінбейтін жіп тәрізді байланыстар қосып тұрады. Сондықтан, мұғалім қарым-қатынастың әр сәтінде өзінің әрекеттерін саналы бақылауды естен шығармауы қажет. Оқушылар сыныпқа келгенде мұғалім ең әуелі өз пәнін оқытуға емес, адаммен қарым-қатынасқа түсуге дайын болуы қажет. Тек сондай жағдайда ғана құндылықтардың бірігуі жүзеге асып, жан мен шеберлік, ой мен жүрек бірлескенде мұғалім туады.

Педагогикалық іс-әрекет барысында мұғалім ұрпақтан ұрпаққа басты құндылық ретінде рухани байлықты табыстайды, адамзат мәдениетін жас ұрпақтың бойына тәрбиелеп отырады, яғни мұғалім арқылы мәдени-тарихи үдеріс жүзеге асып, ғасырлардың тірі байланысы сақталады. Мұғалім мәдени-тарихи үдерістің түрлендірушісі болып табылады. Психологиялық тұрғыдан бұл методологияның Л.С.Выготский қалаған мәдени-тарихи тұжырымдамасы. Ал мәдениет ақыл-ойдан басталады. Ойлау Л.С.Выготскийдің жоғары психикалық қызмет теориясы тұрғысынан түсіндіріледі: «Кез келген психикалық қызмет сахнада екі рет, екі бағдарда пайда болады. Алғашқыда – әлеуметтік түрде, кейін – психологиялық түрде, алғашқыда адамдар арасында интерпсихикалық категория ретінде, кейін баланың ішінде интрапсихикалық категория ретінде» [8].

Тәрбие өз бастауын ойлау мәдениетінен алады. Мұғалімнің ойлау мәдениеті – бұл оқушыларды тәрбиелеу мен оқытуда жоғары нәтижелерге қол жеткізетін педагогтың кәсіби маңызды сапасы. Ойлаудың, қарым-қатынастың және жаңа білімді тудырудың құралы – тіл болып табылады. Педагогикалық үдерісте білімнің элементтері ойда қалыптасады, тіл арқылы ажыратылады, жүректен жеткізіледі. Сондықтан, оқушыларға білім беру үдерісін жүзеге асырғанда мұғалімнің ойы, тілі, жүрегі бірге жұмыс атқарып, мәдени-тарихи, іс-әрекеттік тәсілдеменің көрінісі болады. Осыдан әмбебап педагогикалық құзыреттіліктерді интрапсихикалық деңгейде қалыптастыру қажеттілігін көріп отырмыз.

Педагогқа қойылатын талаптардың бірі – мұғалім мәдениетті болу қажет. Ал мәдениетті мұғалім дегеніміз қандай мұғалім? Мақала аясында, Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи теориясын басшылыққа алып, мәдениетті мұғалім деген оның ұлы педагогтардың ең ізгі сапаларын игергендігі деп түсінемін.

Заманауи қоғамның цифрлық трансформациясында мұғалімдердің әмбебап педагогикалық құзыреттіліктің мазмұнында алдымен педагогтың тұлғалық қасиеттеріне ерекше назар бөлгеніміз себебі, ең әуелі, мұғалімнің тұлғалық жеке сапалары кәсіби болмыстың бөлігі болады, оқушылармен тікелей қарым-қатынаста айқындалады. Өйткені, ең әуелі біздің тұлғамыз, содан кейін ғана білімдеріміз, тәжірибелеріміз, ебдейліктеріміз, дағдыларымыз педагогикалық фактор болып табылады. Мұғалім мамандығында тұлғалық сапалар кәсіби сапалардан ажыратылмайды. Сол себептен оқушылармен қарым-қатынаста мұғалімнің тұлғалық сапаларының айқындалуы кәсіби маңызды. Бұл жерде «мұғалім», «ата-ана», «шебер», «дана» рөлдерін үйлестіретін педагогтарды дайындау мәселесі туралы сөз қозғалуда. Ал бұл мәселе әмбебап педагогикалық құзыреттіліктердің мазмұнында орын алуда. Осыдан педагог мамандықтарының студенттері үшін әмбебап педагогикалық құзыреттіліктер өзекті болып отырғаны айқын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кудайкулов М.А. Совершенствование учебного процесса и профессиональная подготовка учителя. - Алма-Ата:Мектеп, 1975.– 95б.
2. Коменский Я.А. Учитель учителей («Материнская школа», «Великая дидактика» и др. произв. с сокращ.).- М.: Карапуз, 2009. – 288б.
3. Ушинский К.Д. Человек как предмет воспитания. Собр.соч.- М., 1978.- Т. 8.- 244-337б.
4. Ушинский К.Д. Собрание сочинений. Т.2.– М., 1984.
5. Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралар. Алматы: Рауан, 1991. – 200б.
6. Абай. Шығармаларының 2 томдық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1995. – 335б.
7. Успанов К.С. Теория и практика формирования профессионально значимых качеств у будущих учителей.– Алматы: Ғылым, 1998.–228б.
8. Выготский Л.С. История развития высших психических функций.Собрание сочинений, том 3. – М.: Педагогика, 1983.